

Коро Дж.¹, Медуханова Л.А.², Сериева Ж.А.³

¹қолданбалы экономика ғылымдарының профессоры,
Ca' Foscari Венециялық университеті, Италия, Венеция қ., e-mail: giancarlo.coro@unive.it

²экономика ғылымдарының кандидаты, e-mail: medukhanova.l@gmail.com

³докторант, e-mail: name.zhanar@mail.ru
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН
САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ:
ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ**

Мақалада Қазақстанның Орталық Азия елдерімен сыртқы сауда қатынастарының қазіргі жағдайы мен негізгі мәселелері талқыланды. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының өзіне жақын аймақтағы көрші елдермен тауар айналымының маңыздылығын, бүгінгі таңда туындап отырған өзара сауданың кедергілерін және дамыту мүмкіндігін анықтау. Қазақстанның аймақтық көршілес елдермен сауда қатынастарына әсер ететін маңызды фактор – олардың сыртқы сауда бағыты, ең алдымен, Қазақстанның аталған аймақтан тыс елдермен сауда жасауында. Мұндай жағдай Орталық Азия мемлекеттерінің барлығы табиғи ресурстармен, ең алдымен минералдық ресурстармен, жоғарғы деңгейде қамтамасыз етілуімен түсіндіріледі. Зерттеудің әдіснамасы халықаралық сауданың классикалық және қазіргі заманғы «жаңа аймақтық» теорияларына негізделеді, бұл теориялар оның пайда болу себептерін, артықшылықтарын, халықаралық сауда түрлерін және оның жолындағы кедергілерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл теориялар Қазақстанның Орталық Азия елдерімен саудасының экономикалық және тарихи дамуын және өсу мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелері – Қазақстанның Орталық Азия елдерімен соңғы он жыл ішінде сауда динамикасын және тауар айналымының құрылымын анықтағаны зерттеудің негізгі нәтижелеріне жатады. Мақалада республиканың сыртқы экономикалық байланыстарының осы аймақтың барлық елдерімен, сондай-ақ әрбір елмен – Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен және Түрікменстанмен жеке маңыздылығын анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер келтірілген. Зерттеудің практикалық маңызы, Қазақстанның өз аймағындағы елдермен сауда айналымының болашақта оның өсуі мен қажеттілігін негіздейтін қазіргі жай-күйін талдау және бағалау болып табылады. Қазақстан Республикасының Орталық Азия елдерімен сауда қатынастарын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында, кедендік кедергілерді, олармен байланысты сыбайлас жемқорлықты жою, көлік жүйесін жаңғырту арқылы көліктік шығындарды азайту және жалпы үкіметтік келісімдерге ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар мен кәсіпорындардың келісімдеріне негізделген экономикалық ынтымақтастықты дамыту ұсынылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, Орталық Азия, аймақ, сауда қатынастары, экспорт, импорт.

Coro G.¹, Medukhanova L.A.², Seriyeva Zh.A.³

¹professor of Applied economics, Ca' Foscari University of Venice,
Italy, Venice, e-mail: giancarlo.coro@unive.it

²Candidate of Economic Sciences, e-mail: medukhanova.l@gmail.com

³doctoral student, e-mail: name.zhanar@mail.ru
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**Trade relations of Kazakhstan with the countries of Central Asia:
dynamics and development prospects**

The article discusses the current state and the main problems of foreign trade relations of Kazakhstan with the countries of Central Asia. The purpose of the study is to determine the significance for the Republic of Kazakhstan of trade with neighboring countries in the region, the barriers to mutual trade

and its growth opportunities that exist today. The most important factor influencing the trade relations of Kazakhstan with the countries neighboring the region is the orientation of their foreign trade and, above all, of Kazakhstan itself to trade with countries outside the region. This situation has developed due to the high availability of virtually all Central Asian countries with natural resources, primarily mineral resources. The methodology of the study is based on classical and modern theories of international trade, the theory of “new regionalism”, which allows to determine the causes, benefits, types of international trade and barriers to its path. These theories make it possible to identify the economic and historical background and growth opportunities of Kazakhstan’s trade with the countries of Central Asia. The main results of the study include the definition of the dynamics (over the last ten years) and the commodity structure of trade of Kazakhstan with the countries neighboring the Central Asian region. The article presents indicators that make it possible to identify the significance of the republic’s foreign trade relations with all countries of this region as a whole and separately with each of the countries: Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Turkmenistan. The practical significance of the study lies in the analysis and assessment of the current state of Kazakhstan’s trade with the countries of its region, justifying the need and opportunities for its growth in the future. In order to ensure further development of Kazakhstan’s trade relations with Central Asian countries, it is proposed to eliminate customs barriers, corruption related to them, reduce transport costs by modernizing the transport system and, in general, develop economic cooperation based not only on government agreements, but also on agreements between non-governmental organizations and enterprises.

Key words: Kazakhstan, Central Asia, region, trade relations, export, import.

Коро Дж.¹, Медуханова Л.А.², Сериева Ж.А.³

¹профессор прикладной экономики, Венецианский университет Ca’ Foscari, Италия, г. Венеция, e-mail: giancarlo.coro@unive.it

²кандидат экономических наук, e-mail: medukhanova.l@gmail.com

³докторант, e-mail: name.zhanar@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Торговые отношения Казахстана со странами Центральной Азии: динамика и перспективы развития

В статье рассматриваются современное состояние и основные проблемы внешнеторговых отношений Казахстана со странами Центральной Азии. Целью исследования является определение значимости для Республики Казахстан торговли с ближними по региону странами, существующих на сегодня барьеров во взаимной торговле и возможностей ее роста. Важнейшим фактором, влияющим на торговые отношения Казахстана с соседними по региону странами, является ориентированность их внешней торговли и, прежде всего самого Казахстана на торговлю со странами вне данного региона. Такая ситуация сложилась в силу высокой обеспеченности практически всех стран Центральной Азии природными ресурсами, в первую очередь – минерально-сырьевыми.

Методология проведенного исследования основана на классических и современных теориях международной торговли, теории «нового регионализма», позволяющих определить причины, выгоды, виды международной торговли и барьеры на ее пути. Данные теории позволяют выявить экономические и исторические предпосылки и возможности роста торговли Казахстана со странами Центральной Азии.

Основными результатами проведенного исследования являются определение динамики (за последние десять лет) и товарной структуры торговли Казахстана с соседними по центрально-азиатскому регионами странами. В статье приведены показатели, позволяющие выявить значимость внешнеторговых отношений республики со всеми странами этого региона в целом и в отдельности с каждой из стран: Узбекистаном, Кыргызстаном, Таджикистаном и Туркменистаном.

Практическое значение проведенного исследования заключается в анализе и оценке современного состояния торговли Казахстана со странами своего региона, обосновании необходимости и возможностей ее роста в перспективе. Для обеспечения дальнейшего развития торговых отношений Казахстана со странами Центральной Азии предлагается устранить таможенные барьеры, коррупцию, связанную с ними, снижать транспортные издержки путем модернизации транспортной системы и в целом – развивать экономическое сотрудничество, основанное не только на правительственных соглашениях, но и на договорах между негосударственными организациями и предприятиями.

Ключевые слова: Казахстан, Центральная Азия, регион, торговые отношения, экспорт, импорт.

Кіріспе

Қазіргі саяси мағынада Орталық Азияға – Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қазақстан мемлекеттері кіреді. Бұл аймақтың қазіргі таңдағы әлемдік экономикадағы рөлі бірқатар факторлардың болуымен түсіндіріледі:

– аймақта көптеген минералдық ресурстар, бірінші кезекте көмірсутектердің үлкен қоры бар;

– сондай-ақ кең көлік және байланыс желісінің болуына байланысты аймақ елдері батыс және шығыс елдерін біріктіретін және Ресей мемлекетіне алып баратын транзиттік мемлекеттер ретінде өздерінің толық әлеуетін пайдаланады.

Әлемдік экономика үшін Орталық Азия аймағы бірінші кезекте шикізат көзі ретінде қызықты. Мұнай, газ, көмір және металдар қазіргі уақытта экспортталатын тауарлардың басым бөлігі болып табылады, ал өз кезегінде аграрлық сектордың өнімдері қарқынды өсуді қамтамасыз етеді. Орталық Азия мемлекеттері негізінен Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстанда шоғырланған қуатты тау-кен, отын-энергетика, металлургия және химия өнеркәсібіне ие.

Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде экономикасы бойынша ең ірі ел болып отыр. Оның сыртқы саудасында басқа төрт Орталық Азия елдерімен саудасы қазіргі уақытта 5,4% үлеске ие. Аймақтың сауда-экономикалық қатынастары Орталық Азия елдерінің экономикалық ынтымақтастығын дамытуда өзекті болып отыр.

Орталық Азия елдері Қазақстанмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан алғашқы елдердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ақпараты бойынша Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылғы 5 қазанда, Қырғыз Республикасы – 1992 жылғы 15 қазан, Өзбекстан Республикасы – 1992 жылғы 23 қараша, Тәжікстан Республикасы – 1993 жылғы 7 қаңтарда орнатылды. Сонымен қатар, Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қатынастарда теңдік пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидасын қолдайды. Ондағы мақсат – Қазақстанды аймақтағы экономикалық өсу мен тұрақтылықты қалыптастыру орталығы ету (24.kz, 2018).

Мақаланың мақсаты – Қазақстан өзімен бірге Орталық Азия аймағына кіретін төрт елмен сауда жасаудың қазіргі жағдайы мен даму мәселелерін зерттеу. Қойылған мақсатқа жету

үшін зерттелетін тақырып бойынша шетелдік және отандық басылымдарды талдау, Орталық Азия елдерінің экономикасын және сыртқы саудасын сипаттайтын статистикалық деректер сияқты аналитикалық және статистикалық зерттеулер әдістері пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Орталық Азия зерттеушілерінің көптеген жұмыстарында бұл аймақ әлемдік экономика мен халықаралық экономикалық қатынастарда ерекше орын алатын аймақтарының бірі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, осы зерттеулерде Орталық Азия аймағына кіретін елдердің сандары әртүрлі көрсетіледі. Мысалы, М. Люке мен Я. Ротерт (Lücke et al., 2006) Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанмен бірге осы аймаққа Әзербайжан мен Моңғолияны жатқызады, ал Р. Могилевский (Mogilevskii, 2012) алдыңғы бес елге Ауғанстанды қосады, OECD (ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) – Моңғолия мемлекетін кіргізеді.

Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасын зерттеуге арналған көптеген заманауи авторлардың еңбектерінде аталған аймақтың геостратегиялық жағдайы, ресурстармен қамтамасыз етілуі және Европалық Одақ, Америка Құрама Штаты, Ресей және Қытай сияқты жаһандық экономикалық орталықтармен қатынастары қарастырылады (Farra et al., 2011; Rumer, 2016; Asian Development Bank Institute, 2014; OECD, 2018 және т.б.).

Сондай-ақ, Малкольм Даулинг пен Ганешан Виньяраджаның жұмыстарында осы аймақта орналасқан елдердің экономикалық даму деңгейіне, әр елде жүргізіліп отырған саяси және экономикалық реформаларына салыстырмалы баға беріледі (Dowling et al., 2008). Аталған аймаққа әлемдік алдыңғы қатарлы державалардан инвестициялардың, қаржы ресурстарының келуіне, жұмыс күшінің сыртқы миграциялық қозғалысына ерекше назар аударылады (Pomfret, 1995; Karshibaev, 2015; Batsaikhana et al., 2017; Бүкіләлемдік банк, 2012; OECD, 2018).

Орталық Азия елдерінің аймақтан тыс және аймақ ішіндегі елдермен сауда қатынастарының жағдайы мен мәселелерін талдауға арналған М. Люке мен Яцек Ротерттің, Р. Могилевскийдің еңбектері және БҰҰ (UN Economic Commission for Europe, 2014), OECD, Азия даму банктің баяндамалары. Бұл зерттеулерде аймақ елдерінің экспортының тауарлық және

географиялық құрылымы қарастырылады, оның шикізаттық құрылымы және аймақтан тыс елдерге бағытталуына назар аударылады. Сыртқы саудадағы осындай жағдайдың болуы, Орталық Азия елдерінің әлемдік ірі державаларды қызықтырып отырған табиғи, әсіресе, энергетикалық ресурстармен және түрлі металдармен қамтылғанымен түсіндіріледі. Нәтижесінде аймақ ішіндегі өзара сауда осы елдер үшін әлдеқайда маңызды емес, себебі олардың әрқайсысының шикізаттық экспорты ғана емес, импорты да өз аймағынан тыс елдерге бағытталған.

Могилевскийдің Р., Иисус Фелипе және Утсав Кумардың еңбектерінде (Felipe et al., 2010) ішкі аймақтық сауданың өсу әлеуетіне, оны жүзеге асыру көлік және кедендік тосқауылдардың азаюына, сауда рәсімдерін жеңілдету мен жетілдіруіне байланысты екені көрсетіледі. Иисус Фелипе және Утсав Кумар Орталық Азия елдерінің арасындағы сауданың жалпы көлемінің ұлғаюы ең алдымен инфрақұрылымды жақсарту, сондай-ақ логистика мен кедендік және шекаралық бөлімшелердің жұмысының тиімділігін арттыру арқылы қол жеткізуге болады деген қорытындыға келді.

Соңғы жылдары бірқатар басылымдарда Орталық Азия елдерінің арасында аймақтық экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері туралы жиі талқыланып жүр (Yang Shu, 2014). Осы көзқарас тұрғысынан, Бьорн Хеттне және Фредрик Сёдербаумның «жаңа аймақтану» теориясы үлкен қызығушылық танытып отыр. Бұл теория аймақтық ынтымақтастықтың жаңа, «астынан» туындайтын қозғаушы күштерін ашып көрсетеді, яғни мемлекеттік емес ұйымдардың: жеке бизнес және әртүрлі мемлекеттік емес ұйымдардың іс-әрекетінің маңыздылығын анықтайды (Hettne et al., 1998).

Қазақстандық зерттеушілердің ішінен Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің қатынастары туралы, Орталық Азия мемлекеттерінің әлемдегі орны мен жетекші державалардың осы аймаққа қатысты саясатына арналған М. С. Акимбековтің (1998) және Президенті жанындағы ҚСЗИ ғалымдарының еңбегін «Орталық Азия 25 жылда: ақпараттық-талдамалық шолу» (2017) атап өтуге болады.

Аталған еңбектер мен халықаралық ұйымдардың баяндамаларында Орталық Азия елдер арасындағы қарастырылған сауда аспектілері мақала авторларына Қазақстан тұрғысынан өзімен бір аймақта орналасқан мемлекеттермен сауда жасау маңыздылығын зерттеуге мүмкіндік

берді. Осы мақсатта Қазақстанның осы елдерімен сауда жүргізудің алғышарттары анықталады, өзара сауда айналымының динамикасы мен құрылымы талданады, қазіргі кездегі сауда кедергілері көрсетіліп, сауда қатынастарын дамыту мүмкіндіктері анықталады.

Методология

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі елдің халықаралық саудаға қатысуының артықшылықтары мен салдарларын талдауға арналған экономист-ғалымдардың теориялары мен идеяларынан қалыптасады. Кез келген елдің сыртқы саудасын талдаудың іргелі әдіснамалық алғышарттары салыстырмалы артықшылық принципі болып табылады. Дегенмен, салыстырмалы артықшылық принципі халықаралық сауданың өзара пайдасын және бағытын тікелей анықтап бере алмайтын, жалпылама сипаттағы, теориялық алғышарттарға негізделген қағида. Оны Матиас Люке және Яцек Ротерт «Халықаралық саудадағы Орталық Азияның салыстырмалы артықшылығы» еңбектерінде ашып көрсетеді. Өз зерттеулерінде олар Орталық Азия елдерінің салыстырмалы артықшылықтары жекелеген салалар мен өнімдер деңгейінде тікелей анықтала алмайтындығы туралы ойды білдіреді.

XX ғасыр экономистерінің кейінгі зерттеулерінде салыстырмалы артықшылықтар теориясы бойынша, елдің белгілі бір тауардың жекелеген түрін өндіру мен экспорттауда салыстырмалы артықшылықтарының алғышарттарын анықтауға мүмкіндік беретін бірнеше идеялар мен модельдермен толықтырылды. Бұл теорияларға жататындар халықаралық салааралық сауданы негіздеген Хекшер-Олиннің өндірістік факторлардың арақатынасы теориясы, С. Линдердің «қиылысатын сұраныс» теориясы, XX ғасырдың 80-ші жылдарындағы «жаңа теориялары»: дифференциалданған тауарлармен ішкісәлалық сауданы түсіндіруге мүмкіндік беретін монополиялық бәсекелестік жағдайындағы халықаралық сауда (Э. Хелпман және П. Кругманның идеясы), М. Портердің бәсекелестік артықшылықтар теориясы және т.б. Шекарасы ортақ көршілес елдердің арасында тасымалдау шығындарды минимизациялау немесе маусымдық сауданың ерекшелігі біртекті тауарлармен ішкісәлалық сауданы жүргізудің маңызды факторы болуы мүмкін. Осыдан ішкі аймақтық сауданың қазіргі заманғы қозғаушы күштері мен даму факторлары, соның ішінде Қазақстанның аймақтағы көршілес елдерімен

саудасы, бүгінгі таңдағы халықаралық сауда теориясындағы барлық идеялардың жиынтығы негізінде ғана айқындалуы мүмкін. Қазақстанның аймақтас елдермен өзара саудасының динамикасын және тауарлық құрылымын талдау барысында, қатысушы елдер үшін әртүрлі және бірдей өндіріс салаларында тауарлық топтармен сауда жасаудың өзара пайдасы бар екені анықталады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы көрші елдермен сауда қатынастары тарихи қалыптасқан уақыты, кеңестік кезең деп есептеледі. Орталық Азияның барлық республикалары өндірістегі табиғи және еңбек ресурстары бар өнімдерге маманданған. Осы ресурстардың территориялық орналасуы және орталықтан қаржыландыру оларды тиісті өнім түрлерін өндіруде салыстырмалы артықшылықтармен қамтамасыз етті.

Тәуелсіздік алып, әлемдік нарыққа еркін шығатын дәрежеге жеткеннен кейін, бұл елдердің сыртқы саудасының басым бөлігі алыс шетелдерге бағыттала бастады. Бірақ, территориялық жақындығы, ортақ шекаралары және қалыптасқан көлік жүйесі осы аймақтың елдеріне бірқатар бағыттар бойынша өзара тиімді сауданы қолдап және дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Сауда қатынастарының осы салалары, неоклассикалық теорияның өндірістік факторлардың арақатынасы идеясына сәйкес, олардың сауда қатынасында әр ел ресурстардың белгілі бір (еңбек, жер) түрлерімен қамтылуына сүйенеді.

Сонымен бірге, жоғарыда айтылғандай, Орталық Азия елдері минералдық ресурстардың, әсіресе, Қазақстан, Түркіменстан және Өзбекстанның жоғары қамтамасыз етілгені жағынан бір-біріне өте ұқсас. Бір жағынан, бұл аймақтағы көрші елдердің сыртқы сауданың жалпы көлеміндегі өзара сауданың шағын үлесін түсіндіреді. Екінші жағынан, XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық сауда теорияларына сәйкес, шамамен бірдей пропорцияда әртүрлі өндірістік факторларға ие елдер өзара ішкі салааралық дифференцияланған тауарлар саудасына сүйене отырып, ауқымдылық әсеріне және көліктік шығындарды үнемдеуге негізделген өзара табысты сауда жасай алатынын білдіреді.

Қазақстан үшін мұнай, металл кендері сияқты ресурстармен, бидай, күнбағыс және т.б. өнімдерді өндіруге қажетті ауылшаруашылық жерлермен салыстырмалы түрде жақсы қамтамасыз етілгенінің арқасында өз аймағындағы елдермен


сауда жүргізу маңызды және пайдалы болып келеді.

Өз кезегінде, Қазақстан Орталық Азия бойынша көршілес елдерінен ұқсас табиғи ресурстардың кейбір түрлері мен олардың жартылай фабрикаттарын, сондай-ақ Қазақстанға қарағанда өндіріс шығындары салыстырмалы түрде төмен өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін импорттайды. Сондай-ақ, көліктік шығындардың әсеріне байланысты, көрші елдермен трансшекаралық сауда өте маңызды рөл атқарады. Мысалы, үлкен газ қорына ие бола тұра Қазақстан, Өзбекстаннан осы елге көршілес өз аймақтарына газды жеткізу әлде қайда тиімді. Және де Қазақстаннан оңтүстікке қарай орналасқан Өзбекстан мен Қырғызстан маусымдық ерекшеліктеріне байланысты өсімдік өнімдерімен елді қамтамасыз етіп тұрады.

Жалпы статистикалық көрсеткіштер бойынша Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің арасындағы сауда байланыстары көтеріліп келе жатқаны анықталады. Ең алдымен, аталған елдерді жекелеп алғанда, қай елмен сауда дәрежесі қандай деңгейде екенін зерттеледі, одан кейін осы саудаға байланысты негізгі кедергілер мен мәселелер қарастырылады.

Орталық Азия елдеріне кіретін мемлекеттердің ішінде Қазақстанның Өзбекстан елімен сауда қатынасы ең жоғарғы тауар айналымын көрсетіп отыр. Өзбекстан мақтаны өндіру және экспорттау бойынша әлемдегі жетекші үш елдің қатарына кіреді, сонымен қатар алтын, уран кендері, минералды тыңайтқыштар, табиғи газ, тоқыма және азық-түлік өнімдері, металдар және автомобильдер шығаратын өнімдер экспортталады. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, 2007-2018 жылдар аралығындағы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда айналымы шамамен бір деңгейде. 2007 жылы тауар айналымы – 1 410 268,00 млн АҚШ долларын, экспорт – 871 798,10 млн АҚШ долларын, импорт – 538 469,90 млн АҚШ долларын құрған. Тек 2018 жылы өте жақсы дамығандығы көрінеді, яғни тауар айналымы – 2 488 155,50 млн АҚШ долларын, экспорт – 1 643 314,10 млн АҚШ долларын, импорт – 844 841,30 млн АҚШ доллары. Тольғырақ динамикасы 1-суретте сипатталған.

Қазақстаннан Өзбекстанға жеткізілетін негізгі экспорттық тауарлар: бидай, ерітілген болаттан, табиғи газдан, бидай немесе бидай-ұны, шикі мұнайдан, мырыш кендерінен және концентраттардан, ыстықтай илектелген жалпақ болаттан жасалған жалпақ жартылай фабрикаттар, шикізат алюминийінен, күнбағыс тұқымынан, картоптан жасалған өнімдер.



1-сурет – Қазақстанның Өзбекстанмен
2007-2018 жж. аралығындағы сауда айналымының динамикасы
Дереккөз: ҚР Қаржы Мин МКК

Соңғы жылдары экспорттың өсуі мынадай тауарлардың көлемінің артуынан болып отыр: табиғи газ, байытылмаған болаттан жасалған жартылай фабрикаттар, жалпақ илектелген байытылмаған болат, ыстықтай илектелген байытылған болат, шикі мұнай, шикі мұнайдан жасалған кокс және битум, картоп.

Өзбекстаннан Қазақстанға тасымалданып отырған негізгі импорттық тауарлар: газ, шикі этилен полимерлері, шикі мырыш, жаңа піскен жемістер, қызанақ, кептірілген жемістер, жаңғақ қоспалары.

Соңғы жылдары импорттың өсуі мынадай тауарлардың көлемінің артуынан: газ, өңделмеген мырыш, этилен полимерлері, жолаушылар вагондары, қызанақ, кептірілген жемістер, жаңғақ қоспалары немесе кептірілген жемістер, безендірілмеген керамикалық плиткалар, жемістер, жаңғақтар (ҚР Қаржы Мин. МКК).

Өзбекстанның алдыңғы басшылығының орнына 2017 жылы келген Шавкат Мирзиёев бастаған жаңа басшылық ашық саясат жүргізуде. 2018 жылдың 14 наурызда өткен отырыста, екі елдің басшыларының тапсырысы бойынша, мемлекеттер арасындағы өзара байланысты нығайту жүктелген. Осы тапсырмаға сай Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық байланысты арттыру іс-шаралары жүргізіліп жатыр. Және сауда айналымының динамикасын бақылай отырып, 2018 жылы шамамен 3 млрд-қа дейін, 2020 жылға 5 млрд. долларға дейін жеткізу мақсаты қойылған болатын (primeminister.kz, 2018). Сонымен қатар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда байланысының дамуы, «Қорғас» қағидасы бойынша жұмыс жасай-


тын, шекаралық сауда аймағын құру мәселесін де көтеріп отыр. «Қорғас» шекаралық сауда аймағының нәтижесінде Қазақстан мен Қытайдың тауар айналым көлемі 17 млн тоннаны құрап отыр. Сыртқы істер министрлігінің пайымдауынша, аталған инвестициялық проект Өзбекстанмен де сауда байланысында жоғарғы нәтиже көрсетуі мүмкін (nur.kz, 2018).

Орталық Азия елдерінің қатарына кіретін, сауда айналымы бойынша екінші орындағы, Қазақстанның Қырғызстан мемлекетімен сауда қатынастарын талдап өтейік. Қырғызстанмен сауда қатынастары жылдар бойы өсіп келе жатқанын көрсеткіштер бойынша байқауға болады. 2007 жылы тауар айналымы – 530 959,80 млн АҚШ долларын, экспорт – 355 104,80 млн АҚШ долларын, импорт – 175 855,00 млн АҚШ долларын құрған. Ал 2018 жылы өте жақсы дамып келе жатқаны көрінеді, яғни тауар айналымы – 865 257,00 млн АҚШ долларын, экспорт – 634 866,50 млн АҚШ долларын, импорт – 230 390,50 млн АҚШ доллары.

Қазақстанмен сауда байланысын орнатып отырған Қырғызстан Орталық Азия елдерінің арасында Евразиялық экономикалық одаққа кіретін жалғыз ел болып келеді. Евразиялық экономикалық одаққа кіргеннен кейін, екі ел арасындағы сауда айналымы сәл төмендегені көрініс табады. Мысалы, 2014 жылы сауда айналымы – 1 млрд. доллардан астам көрсеткіште болса, 2015 жылы – 2 есеге төмендегенін көрсетеді. Сонымен қатар екі ел арасындағы сауда байланысына Қазақстан мен ҚХР арасындағы 2011 жылдың желтоқсан айынан бастап ашылып, ақырындап белең алып

келе жатқан «Қорғас» шекаралық сауда орталығының да өз септігін тигізбей қоймағаны анық. Дегенмен, 2018 жылғы статистика бой-

ынша сауда айналымы қайта көтеріліп келе жатқаны көрініс тауып отыр. Толық динамикасы 2-суретте көрсетіледі.



2-сурет – Қазақстанның Қырғызстанмен \ 2007-2018 жж. аралығындағы сауда айналымының динамикасы
Дереккөз: ҚР Қаржы Мин МКК

Қазақстаннан Қырғызстанға жеткізілетін негізгі экспорттық тауарлар: мұнай өнімдері, темекі өнімдері, бидай, прокат байытылмаған болаттан жасалған, жалпақ, минералды және газдалған су, қант, көмір, байытылмаған болаттан жасалған ыстықтай илектелген болат, автомобильдер, әйелдер мен балаларға арналған гигиеналық бұйымдар, цемент.

Соңғы жылдары экспорттың өсуі мынадай тауарлардың көлемінің артуынан болып отыр: жалпақ илек байытылмаған болат, әйелдер мен балаларға арналған гигиеналық заттар, цемент, минералды және газдалған сулар, қант, күнбағыс майы, жалпақ илектелген легирленген болат, кілем.

Қырғызстан елінен Қазақстанға кіргізілетін негізгі импорт тауарлар түрлері: басқа кендер мен концентраттар, мұнай өнімдері, жылтыратылған шыны, нан және ұн кондитерлік өнімдері, қалыңдатылмаған сүт және кілегей, пластикалық контейнерлер, спирт, сары май, йогурт, айран.


Ал соңғы жылдары импорттың өсуі мынадай тауарлардың көлемінің артуымен түсіндіріледі: мұнай өнімдері, басқа кендер мен концентраттар, жылтыратылған шыны.

Келесі сауда байланысы жағынан үшінші орынды алатын, Тәжікстан экономикасы ауыл шаруашылығына бағытталған, ел минералды ресурстарға (көмірге) бай. Тәжікстандағы негізгі ауылшаруашылық дақылдары мақта, ал шикізаттың тоқсан пайызына дейін экспортта-

лады. Тәжікстан сондай-ақ дәнді дақылдарды, көкөністерді, жемістерді, темекіні, картопты, мал шаруашылығын өсіреді. Электр энергетикасы – өте жақсы дамыған. Тәжікстан электр энергиясының негізгі экспорттері болып табылады, ал гидроэнергетикалық қорлар бойынша әлемде сегізінші орын алады. Қазақстанның Тәжікстанмен сауда қатынасы 2007-2018 жылдар аралығында 2,5 есеге өскендігін байқаймыз. 2007 жылы тауар айналымы 303 472,00 млн АҚШ долларды көрсетсе, экспорт – 278 466,40 млн Импорт 25 млн АҚШ долларын, 2018 жылы жалпы тауар айналымы – 845 896,60 млн АҚШ долларды, экспорт – 522 011,50 млн, импорт – 323 885,10 млн АҚШ долларын құрап отыр. Толығырақ 3-суретте көрсетілген.

Қазақстаннан Тәжікстанға жеткізілетін негізгі экспорттық тауарлар: бидай, табиғи газ, байытылмаған болат шыбықтар, ыстықтай илектелген, орман өнімдері кесілген ағаштары, темекі өнімдері, күнбағыс майы, бидай ұны немесе бидай-қара бидай, жалпақ илектелген байытылмаған болат, салқындалған жалпақ илектелген байытылмаған болат, күріш.

Соңғы жылдары экспорттың өсуі мынадай тауарлардың көлемінің артуымен түсіндіріледі: табиғи газ, орманның кесілген ағаштары, байытылмаған болат шыбықтар, күнбағыс майы, темекі өнімдері, жалпақ ыстықтай илектелген байытылмаған болат, электр трансформаторлары.



3-сурет – Қазақстанның Тәжікстанмен
2007-2018 жж. аралығындағы сауда айналымының динамикасы
Дереккөз: ҚР Қаржы Мин МКК

Тәжікстаннан Қазақстанға тасымалданатын негізгі импорттық тауарлар: мырыш кендері мен концентраттары, қорғасын кендері мен концентраттары, мыс кендері мен концентраттары, пияз, сарымсақ, кептірілген жемістер, жаңғақ немесе кептірілген жемістердің қоспалары, почта маркалары, марка қағазы, бағалы қағаздардың ұқсас түрлері, басқа да жаңа піскен жемістер.

Соңғы жылдары импорттың өсуі келесі тауарлардың көлемінің артуынан болып отыр: мырыш кендері мен концентраттары, қорғасын кендері мен концентраттары, мыс кендері мен концентраттары, жаңа піскен немесе кептірілген жүзім, жібектің құрғақ кокондары, басқа да жаңа піскен жемістер, өңделмеген жібектер (безендірілмеген).

Дегенмен, сарапшылардың талдауына қарағанда, Тәжікстанның экономикасы өзге елдермен ынтымақтасу арқылы, әсіресе, кедендік одаққа кіру арқылы алға қарай жылжу мүмкіндігі мол.

Қазақстанмен сауда жасау барысында, Өзбекстан территориясы арқылы тасымал жасалатындықтан, кейбір кедергілерден, атап айтқанда, кедендік рәсімдер, жол мәселесіне т.б. тап болады. Осы тежеулерді шешу арқылы сауда-экономикалық байланысты жоғарылатуға мүмкіндік бар.


Орта Азия елдерінің ішіндегі Қазақстанмен тауар байланысының ең төменгі көрсеткіші Түрікменстан мемлекетіне тиісті. Түрікменстан мұнай, газ, күкірт және калийға бай. Түрікменстанның негізгі салалары мұнайды және табиғи газды өңдеу мен тазалауды қамтиды; сонымен қатар шыны, мата (негізінен мақта) және киім өндіру; тағам өнеркәсібі салалары жақсы

дамыған. Қазақстанмен сауда қатынасында, статистикаға сүйенсек, 2007 жылы 220 594,60 млн, экспорт – 77 863,10 млн, импорт – 142 731,50 млн АҚШ долларын құраған. 2007-2016 жылдар аралығында сауда айналымы салыстырмалы түрде бір қалыпты болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш шамамен 2 есеге төмендеп кеткен, яғни жалпы тауар айналымы – 99 553,30 млн АҚШ доллары, экспорт – 86 649,80 млн АҚШ доллары, импорт – 12 903,50 млн АҚШ долларын құрап отыр. Толық мәлімет 4-суретте берілген.

Қазақстаннан Түрікменстанға тасымалданатын негізгі экспорттық тауарлар: бидай ұны немесе бидай-қара бидай, табиғи барий сульфаты және карбонат, уыттың сығындысы, ұннан, жармадан, крахмалдан жасалған өнімдер, кофе, шай, кофенің алмастырғыштары, лазерлік, ультратыбыстық, электронды-сәулелік машиналар, асбест, табиғи кальций фосфаттары, цемент, бетон немесе жасанды тастан жасалған бұйымдар.

Экспорттың қысқартылуы келесі тауарлардың жеткізілімінің азаюымен негізделген: табиғи барий сульфаты және карбонат, теміржол немесе трамвай жүк вагондары, табиғи кальций фосфаттары, машиналар мен қондырғыларға арналған бөліктер, сортты сығынды, ұн, жарма, крахмалдан жасалған дайын тағамдық өнімдер.

Импорттың төмендеуі мына тауарлардың азаюымен негізделген: табиғи газ, кемелер мен құтқару кемелері, қара металдардан дәнекерленген құбырлар мен түтіктер, басқа қозғалтқыштар мен электр станциялары, машиналар мен құрылғыларға арналған бөліктер (ҚР Қаржы Мин МКК).



4-сурет – Қазақстанның Түрікменстанмен 2007-2018 жж. аралығындағы сауда айналымының динамикасы
Дереккөз: ҚР Қаржы Мин МКК

Жоғарыда берілген сауда айналымының динамикасына қарасақ, Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы сауда 2013-2014 жылдарда өте жақсы дамығанын көреміз. Ал соңғы жылдары сауда айналымы керісінше төмендеп кеткен.

Дегенмен, қазіргі уақытта, Қазақстан мен Түрікменстанның теміржол, жол және су көлігі саласындағы өзара тиімді жобалары бар. Атап айтқанда, «Астрахань – Атырау – Ақтау – Түркменстан шекарасы» автожолын қайта құру жұмыстары жалғасуда. Сондай-ақ Каспий теңізінде екі ел арасындағы жаңа теңіз бағыттарын ашу мәселесі де қарастырылуда.

Сонымен қатар екі ел арасындағы экономикалық байланысқа әсер ететін жобаның біріне, 2014 жылғы 3 желтоқсанда Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» темір жолының түркімен-иран учаскесінің ашылуына қатысқан. Қазіргі таңда жоба өз жұмысын жасап отыр.

«Біз 2022 жылға қарай темір жолды жоспар бойынша (Қазақстан – Түрікменстан – Иран – ІФ-К) өзінің жобалық қуатына жетеді және жылына 15 млн. тоннаға дейінгі тауарларды тасымалдай алады. Бүгінгі таңда үш жыл ішінде осы теміржол желісі арқылы 3,3 миллионнан астам тонна жүк тасымалданды», – деді вице-министр Роман Скляр Мәжілістің пленарлық отырысында (abctv.kz, 2017). Екі ел арасындағы сауда байланысына кедергі болып тұрған көлік-логистикалық мәселелер, кедендік кедергілер шешілсе, сауда-экономикалық қарым-қатынастарын дамытуға жол ашылар еді.

Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерімен жалпы сауда айналымы 2007-2018 жылдар аралығындағы көрсеткіштерге және динамика-

сына қарайтын болсақ, Қазақстанның сыртқы сауда сальдосының оң нәтижесін көреміз, яғни қай елмен алып қарасақ та импортталатын тауарлардан, экспортталатын тауарлар саны басым. Тольғырақ 5- және 6-суреттерде көрініс табады.

Қазақстанның сыртқы саудасының басым бөлігі Еуропалық одақ елдеріне, Қытай және Ресейге қатысты. Ал біздің республикамыздың Орталық Азия елдерімен сауда айналымының пайыздық үлесі айтарлықтай көп емес. Оған қарамастан, бұл сауданың өсу тенденциясы байқалады. 2007-2018 жылдар аралығында Қазақстанның сыртқы саудасындағы осы елдердің үлесі 3,2%-дан 5-6%-ға дейін өсті (7-сурет).


2018 жылдың 15 наурыз айында Астанада өткен Орталық Азия елдерінің басшыларының жұмыс кеңесі аймақтық ынтымақтастықты дамытудың жаңа бастамасы болды. Күн тәртібінде Орталық Азия елдерімен экономикалық және сауда қатынастарын дамытуға ерекше көңіл бөлінді. «Қазақстан әрқашан көршілерімен, әсіресе Орталық Азия елдерімен тығыз экономикалық ынтымақтастыққа ұмтылуда», – деп мәлімдеді Орталық Азия елдерінің басшыларымен кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев (24.kz, 2018). Және де Орталық Азия елдерінің тағы бір кемшілігі, бес елдің де теңізге шығу жолдарының жоқтығында. Осы және басқа да себептерді біріге шешу мақсатында, қанша жыл айтылып келе жатқан Орталық Азия елдерінің өзара экономикалық және сауда ынтымақтастығын нығайтуда жол ашылуда. Орталық Азиядағы аймақтық сауда-экономикалық қарым-қатынастарының маңыздылығын Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев: «... Бұл аймақ өзін-өзі сыртқы нарықтарға шықпай-ақ, азық-түлікпен, энер-

гиямен және т.б. толықтай қамтамасыз ете алады. ... Бұл ынтымақтастық экономикалық жағынан тиімді болады және тұтастай біздің қауіпсіздігіміз үшін жұмыс істейтін болады» (Central Asia Monitor, 2007). Осы аймақтық ынтымақтастық құру мәселесін көптеген эксперттер мен зерттеушілер де өз еңбектерінде


Р. Помфрет (2009), С. Кушкумбаев (2002), Ш.Б. Закиева (2007), Л.Ш. Султанова т.б. айтып келеді. Ал шведтік ғалымдар Б. Хетте мен Ф. Содербаум (1998) аймақтанудың жаңа теориясын ұсына отырып, аймақтану үрдісін құру кезінде мемлекеттік емес ұйымдар және кәсіпорындар қатысу қажеттілігін айтып өтеді.



5-сурет – Қазақстанның Орталық Азия елдерімен 2007-2018 жж. аралығындағы сауда айналымының динамикасы
Дереккөз: ҚР Қаржы Мин МКК



6-сурет – Қазақстанның Орталық Азия елдерімен 2007-2018 жылдар аралығындағы тауар айналымының экспорты мен импорт динамикасы
Дереккөз: ҚР Қаржы Мин МКК



7-сурет – Қазақстанның Орталық Азия елдерімен жалпы сауда көлеміндегі елдердің үлесі, %
Дереккөз: ҚР Қаржы Мин МКК

Сонымен қатар көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту арқылы саудаға ерекше серпін беріліп отыр. Сарапшылардың пікірінше, Қытай-Қазақстан-Түрікменстан-Иран теміржолы сияқты жобалар, сондай-ақ біздің елімізді Қырғызстан мен Өзбекстанмен байланыстыратын М-39 магистралінің іске қосылуы аймақ мемлекеттерімен жүк айналымын арттырады. «Kazakh Invest» Басқарма Төрағасының орынбасары Болат Майкеновтың мәлімдеуі бойынша, соңғы жылдары Қазақстан мен Орталық Азия республикаларының арасындағы тауар айналымы мен өсімі жағымды үрдіс байқалуда және 2017 жылдың өзінде бұл көрсеткіш 2016-шы жылмен салыстырғанда 27%-ға артты (kazakh-tv.kz, 2017).

Аталған елдер арасындағы сауда байланысын дамыту үшін көршілес жатқан үлкен мемлекеттер де өз әсерлерін тигізуде. Қытай осы аймаққа сауда-экономикалық қызығушылығын танытуда және араласып отыр. Оған мына жаңалық мысал бола алады – Қазақстан үкіметі Қытайдан екі ел шекарасындағы қазақстандық өткізу пункттерін жетілдіру үшін 2 миллиард юань, яғни, 100 миллиардқа жуық теңге қарызға алуды жопарлап отыр. 2018 жылдың маусым айында елбасы, бірінші президент Н.Назарбаевтың Бейжіңге са-

пары барысында екі ел басшылары қол қойған болатын. Осы келісім-шарт бойынша Қазақстан үкіметіне Қытай және Өзбекстанмен шекарадағы қазақстандық өткізу пункттерін жетілдіру және техникамен жабдықтау үшін 2,062 миллиард қытайлық юаньді жеңілдетілген несие түрінде береді. Қазіргі таңда инфрақұрылымды дамыту қажеттігін айта отырып, премьер-министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов «... Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы жағдайда Қазақстан жағындағы өткізу пункті алдында күн сайын 70-300 автокөлік жиналады, олар үш күнге дейін кезекте тұрады», – деп мәлімдейді. (Осының өзі Орталық Азия елдерімен сауда қатынастардың бір кедергісі ретінде табылады). «Осы қарыз аясында тоғыз автокөлік және бір теміржолға арналған өткізу пунктін жетілдіріп, техникалық жабдықтау жоспарланып отыр. Бұл жоба осы жылдың соңына қарай бастап, 2022 жылы аяқтаймыз», – деді Смайылов (Tengrinews, 2019).

Және де Қытаймен жүргізіліп отырған Орталық Азия аймағы арқылы Батыс Еуропаға шығу жолдары, сонымен қатар «Бір жол, бір белдеу» жобасын, ол да өз кезегінде осы Орталық Азия елдерін Қазақстанмен сауда байланысына тарту мүмкіндігін тиімді пайдалану қажет.

Қорытынды

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанның Орталық Азия елдерімен сауда қатынастары жылдан жылға артып келеді. Және осындай қатынастар аймақтағы елдер үшін маңызды және пайдалы. Сол себептен Қазақстанға өзіне қажетті жолдармен сауда-экономикалық саясатты жүргізу стратегиясын жетілдіріп, тиімді пайдаланып отыру қажет. Орталық Азия елдерінің экономикасының алға жылжып, дамығаны Қазақстан үшін де тиімді. Себебі сауда қатынастары нығайып, тауар айналымы және экономикалық байланысына тікелей әсер ететіні белгілі. Қазіргі таңда осы аймақтағы елдердің өзара сауданы дамытудағы негізгі кедергілер көліктік-логистикалық және кедендік-тарифтік салада туындайды.

Мәселелерді айқындау нәтижесінде Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің арасындағы сауда-экономикалық қатынасын нығайту бойынша келесі ұсынымдар ұсынылады:

– Аталған бес ел арасындағы кедендік кедергілерді алып тастау немесе жеңілдіктер жасау;

– Мемлекеттік мекемелердің қызмет көрсету функцияларын жетілдіру, сыртқы нарықты дамыту үшін кәсіпорындарды қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету, тауар тасымалдаудың заңдарын жетілдіру;

– Орта Азиялық экономикалық ынтымақтастығын құру, осы үрдісте мемлекеттік емес ұйымдар және кәсіпорындар қатысу қажеттілігі;

– Коммерциялық алаяқтықтың және заңсыз әрекеттердің барлық түрлерімен күресу үшін өзара әрекеттесу, бірлескен күш-жігер, сауда субъектілерінің басқа тараптың нарығына кіру үшін тиімді және қолайлы қызметтер ұсыну;

– Сауда-экономикалық заңдарды жетілдіру, арнайы қорларды құру және несиелік кепілдік беру, «Қорғас» сынды шекаралық сауда орталықтарын құру;

– Ортақ валюта енгізу мәселесін, яғни алғашқы кезде тек мемлекеттік деңгейде өзара тауар алмасу мақсатында қарастыру.

Осылайша, Қазақстан үшін Орталық Азия аймағы елдерімен сауда жасау транзакциялық және көлік шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін саудаға қатысты кедендік кедергілерді жою, көлік жүйесін дамыту жағдайында маңызды өсу мүмкіндігіне ие. Басқаша айтқанда, «сауда және көлік байланыстылықты» дамыту қажет (OECD Enhancing Competitiveness, 2018).

Өзара сауданың өсуінің алдағы болашағы аймақтағы өндірістік-өткізу тізбектерін құруға негізделген осы елдердің терең мамандандырылуымен байланысты. Мұндай мамандану аталған тізбектерді құруға қабілетті ірі компанияларды құруды талап етеді, заманауи өндірістік технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен және белсенді пайдалануға, сондай-ақ олардың көмегімен шағын және орта кәсіпкерлікті сыртқы саудаға тартуға байланысты. Осының негізде Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы елдердің экономикасының құрылымын, тиісінше, сауда экспортын әртараптандыруға болады.

Әдебиеттер

- 1 Hettne B., Söderbaum F. The New Regionalism Approach // Politeia. – 1998. – vol. 17. – no. 3, p. 7.
- 2 Rumer B.Z. Central Asia at the End of the Transition. – Taylor and Francis Ltd: Routledge. – 2016, https://www.worldcat.org/search?q=au%3ARumer%2C+Boris+Z.&qt=hot_author
- 3 Connecting Central Asia with Economic Centers. Asian Development Bank Institute. – 2014, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/adbi-connecting-central-asia-economic-centers-final-report.pdf
- 4 Farra F., Burgio C., Cernov M. The Competitiveness potential of Central Asia. In: OECD and the World Economic Forum. Competitiveness and Private Sector Development: Central Asia 2011: Competitiveness Outlook. – Paris: OECD Publishing. – 2011, pp. 17-30, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264097285-en>.
- 5 Karshibaev J. Monetary cooperation perspective in Central Asia / 3rd Economics & Finance Conference. – Rome, Italy. – 2015, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/1-s2.0-S2212567115013064-main.pdf
- 6 Felipe J., Kumar U. The Role of Trade Facilitation in Central Asia: A Gravity Model by Asian. Development Bank. – 2010, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/Trade/Facilitation/Central/Gravity/Model.pdf
- 7 Matthias L., Jacek R. Central Asia's comparative advantage in international trade // Kiel Economic Policy Papers 6, Kiel Institute for the World Economy. – 2006, <https://ideas.repec.org/p/zbw/ifwkep/6.html>
- 8 Dowling M., Wignaraja G.. Central Asia after Fifteen Years of Transition: Growth, Regional Cooperation, and Policy Choices. – Asian Development Bank, Manila, Philippines. – 2006, p. 25.
- 9 OECD Enhancing Competitiveness in Central Asia. – 2018, https://www.oecd-ilibrary.org/development/enhancing-competitiveness-in-central-asia_9789264288133-en

- 10 Pomfret R. The Economies of Central Asia. – Princeton University Press. – 1995, 234 p., <https://www.jstor.org/stable/j.ctt7zv1jg>
- 11 Pomfret R. Regional integration in Central Asia // Economic Change and Restructuring. – 2009. – vol. 42. – issue 1–2, pp. 47–68, <https://link.springer.com/article/10.1007/s10644-008-9060-6>
- 12 Mogilevskii R. Trends and Patterns in Foreign Trade of Central Asian Countries. – Institute of public policy and administration. Bishkek. – 2012, p. 60, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/IPPA-WP1_Trends_PatternsForeignTradeCA-En.pdf
- 13 United Nations Economic Commission for Europe. Regulatory and procedural barriers to trade in Kazakhstan. – United Nations New York and Geneva. – 2014, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/Regulatory%20and%20procedural%20barriers%20to%20trade%20in%20Kazakhstan.pdf
- 14 Batsaikhana U., Dabrowski M. Central Asia – twenty-five years after the breakup of the USSR // Russian Journal of Economics. – 2017. – vol. 3, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/Central%20Asia%E2%80%94twenty-five%20years%20after.pdf
- 15 Yang Shu. Economic integration in Central Asia: history and political geography // EIR. – 1999, http://www.larouchepub.com/eiv/public/1999/eiv26n05-19990129/eiv26n05-19990129_040-economic_integration_in_central.pdf
- 16 Акимбеков С.М. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии. – Алматы, 1998. – С. 279.
- 17 Всемирный банк. Казахстан: преимущества внешней торговли и открытости для экономического развития. Второй отчет по исследованиям в области международной региональной интеграции. – 2012.
- 18 Евсеев В. Центральная Азия: внутренние и внешние угрозы: 1991-2011. – РАН. – М.: Наука, 2012. – С. 360.
- 19 Закиева Ш.Б. Интеграция в Центральной Азии и Казахстан: монография. – М.: Научная книга, 2007. – С. 192
- 20 Интервью Президента Казахстана Н.А. Назарбаева. Рынок в будущее // Central Asia Monitor. – 2007. – №14.
- 21 Казахстан – Узбекистан: высокая динамика торгово-экономического сотрудничества. – 2018, <https://primeminister.kz/ru/news/all/kazakhstan-uzbekistan-visokaya-dinamika-torgovo-ekonomicheskogo-sotrudnichestva-16173>
- 22 Казахстан и страны Центральной Азии укрепляют торгово-экономические отношения. – 2017, https://kazakh-tv.kz/ru/view/business/page_188795_
- 23 Казахстан и Узбекистан могут создать аналог "Хоргоса" на границе. – 2018, www.nur.kz/1756797-kazakhstan-i-uzbekistan-mogut-sozdat-analog-horgosa-na-granice.html
- 24 Как развивается сотрудничество Казахстана с государствами Центральной Азии. – 2018, <https://24.kz/ru/news/social/item/229952-kak-razvivaetsya-sotrudnichestvo-kazakhstana-s-gosudarstvami-tsentralnoj-azii>
- 25 Кушкумбаев С. Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность. – Алматы, 2002.
- 26 Қазақстан Қытайдан неге 100 миллиард теңге қарыз алды – Смайылов жауап береді. – 2019, https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-kyitaydan-nege-100-milliard-tenge-karyz-296114/
- 27 ҚР Қаржы Мин. мемлекеттік кіріс комитеті, http://kgd.gov.kz/ru/exp_trade_files
- 28 Объем перевозок по железной дороге Казахстан – Туркменистан – Иран должен увеличиться. – 2017, abctv.kz/ru/last-obem-perevozk-po-zheleznoj-doroge-kazakhstan-turkmenistan-i
- 29 Шәукенова З.К. Орталық Азия 25 жылда: ақпараттық-талдамалық шолу. – Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2017.
- 30 Султанова Л.Ш. Центральная Азия: экономические коридоры и глобальные цепочки создания стоимости, file:///C:/Users/Acer/Downloads/tsentralnaya-aziya-ekonomicheskie-koridory-i-globalnye-tsepochki-sozdaniya-stoimosti.pdf

References

- 1 Akimbekov S.M. (1998) Avganskiy uzel i problemy bezopastnosti Tsentral'noy Azii [Avgansk knot and security problems of Central Asia]. Almaty, p. 279.
- 2 Batsaikhana U., Dabrowski M. (2017) Central Asia – twenty-five years after the breakup of the USSR. Russian Journal of Economics, vol. 3, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/Central%20Asia%E2%80%94twenty-five%20years%20after.pdf.
- 3 Connecting Central Asia with Economic Centers (2014) Asian Development Bank Institute, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/adbi-connecting-central-asia-economic-centers-final-report.pdf
- 4 Dowling M., Wignaraja G. (2006) Central Asia after Fifteen Years of Transition: Growth, Regional Cooperation, and Policy Choices. Asian Development Bank, Manila, Philippines, p.25
- 5 Farra F., Burgio C., Cernov M. (2011) The Competitiveness potential of Central Asia. In: OECD and the World Economic Forum. Competitiveness and Private Sector Development: Central Asia 2011: Competitiveness Outlook. Paris: OECD Publishing, pp. 17-30, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264097285-en>.
- 6 Felipe J., Kumar U. (2010) The Role of Trade Facilitation in Central Asia: A Gravity Model by Asian. Development Bank, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/Trade/Facilitation/Central/Gravity/Model.pdf
- 7 Hettne B., Söderbaum F. (1998) The New Regionalism Approach. Politeia, vol 17, no 3, p. 7.
- 8 Interv'yu Prezidenta Kazakhstana N.A. Nazarbayeva [Interview of the President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev] (2007) Central Asia Monitor, №14.
- 9 Kak razvivayetsya sotrudnichestvo Kazakhstana s gosudarstvami Tsentral'noy Azii [How is the cooperation of Kazakhstan with the states of Central Asia] (2018), <https://24.kz/ru/news/social/item/229952-kak-razvivaetsya-sotrudnichestvo-kazakhstana-s-gosudarstvami-tsentralnoj-azii>
- 10 Karshibaev J. (2015) Monetary cooperation perspective in Central Asia. 3rd Economics & Finance Conference, Rome, Italy, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/1-s2.0-S2212567115013064-main.pdf

- 11 Kazakhstan – Uzbekistan: vysokaya dinamika torgovo-ekonomicheskogo sotrudnichestva [Kazakhstan – Uzbekistan: high dynamics of trade and economic cooperation] (2018), <https://primeminister.kz/ru/news/all/kazakhstan-uzbekistan-visokaya-dinamika-torgovo-ekonomicheskogo-sotrudnichestva-16173>
- 12 Kazakhstan i strany Tsentral'noy Azii ukreplyayut torgovo-ekonomicheskkiye otnosheniya [Kazakhstan and Central Asian countries strengthen trade and economic relations] (2017), https://kazakh-tv.kz/ru/view/business/page_188795_
- 13 Kazakhstan i Uzbekistan mogut sozdat' analog "Khorghosa" na granitse [Kazakhstan and Uzbekistan can create an analogue of "Khorghos" on the border] (2018), www.nur.kz/1756797-kazakhstan-i-uzbekistan-mogut-sozdat-analog-horghosa-na-granice.html
- 14 Kazakhstan Kytaydan nege 100 milliard tenge karyz aldy – Smayilov jauap beredi [Kazakhstan has borrowed from China about 100 billion tenge – Smailov answers] (2019), https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-kyitaydan-nege-100-milliard-tenge-karyz-296114/
- 15 Komitet o dokhodakh RK [Income committee of the Republic of Kazakhstan], http://kgd.gov.kz/ru/exp_trade_files
- 16 Kushkumbayev S. (2002) Tsentral'naya Aziya na putyakh integratsii: geopolitika, etnichnost', bezopasnost' [Central Asia on the Ways of Integration: Geopolitics, Ethnicity, Security]. Almaty.
- 17 Matthias L., Jacek R. (2006) Central Asia's comparative advantage in international trade. Kiel Economic Policy Papers 6, Kiel Institute for the World Economy, <https://ideas.repec.org/p/zbw/ifwkep/6.html>
- 18 Mogilevskii R. (2012) Trends and Patterns in Foreign Trade of Central Asian Countries. Institute of public policy and administration. Bishkek, p. 60, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/IPPA-WP1_Trends_PatternsForeignTradeCA-En.pdf
- 19 Obyem perevozok po zheleznoy doroge Kazakhstan – Turkmenistan – Iran dolzhen uvelichit'sya [The volume of traffic by rail Kazakhstan – Turkmenistan – Iran should increase] (2017), abctv.kz/ru/last/obem-perevozok-po-zheleznoj-doroge-kazakhstan-turkmenistan-i
- 20 OECD Enhancing Competitiveness in Central Asia (2018), https://www.oecd-ilibrary.org/development/enhancing-competitiveness-in-central-asia_9789264288133-en
- 21 Pomfret R. (1995) The Economies of Central Asia. Princeton University Press, 234 p., <https://www.jstor.org/stable/j.ctt7z-v1jg>
- 22 Pomfret R. (2009) Regional integration in Central Asia. Economic Change and Restructuring, vol. 42, issue 1-2, pp. 47-68, <https://link.springer.com/article/10.1007/s10644-008-9060-6>
- 23 Rumer B.Z. (2016) Central Asia at the End of the Transition. Taylor and Francis Ltd : Routledge, https://www.worldcat.org/search?q=au%3ARumer%2C+Boris+Z.&qt=hot_author
- 24 Shaukenova Z.K. (2017) Ortalik Aziya 25 zhylda: akparattyk-taldamalik sholu [Central Asia in 25 years: Informational-analytical review]. Astana: KR Prezidenti zhanınday QSZI.
- 25 Sultanova L.Sh. Tsentral'naya Aziya: ekonomicheskkiye koridory i global'nyye tsepochki sozdaniya stoimosti. [Central Asia: Economic Corridors and Global Value Chains], file:///C:/Users/Acer/Downloads/tsentralnaya-aziya-ekonomicheskkiye-koridory-i-globalnyye-tsepochki-sozdaniya-stoimosti.pdf
- 26 United Nations Economic Commission for Europe (2014) Regulatory and procedural barriers to trade in Kazakhstan. United Nations New York and Geneva, file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/Regulatory%20and%20procedural%20barriers%20to%20trade%20in%20Kazakhstan.pdf
- 27 Vsemirnyy bank (2012) Otchet № 76339-KZ. Kazakhstan: preimushchestva vneshney trgovli i otkrytosti dlya ekonomicheskogo razvitiya. Vtoroy otchet po issledovaniyam v oblasti mezhdunarodnoy, regional'noy integratsii. [The World Bank. Report No. 76339-KZ. Kazakhstan: the benefits of foreign trade and openness to economic development. Second research report on international regional integration].
- 28 Yang Shu. (2014) Economic integration in Central Asia: history and political geography. EIR, http://www.larouchepub.com/eiw/public/1999/eirv26n05-19990129/eirv26n05-19990129_040-economic_integration_in_central.pdf
- 29 Yevseyev V. (2012) Tsentral'naya Aziya: vnutrenniye i vneshniye ugrozy: 1991-2011 [Central Asia: Internal and External Threats: 1991-2011]. RAN, M.: Nauka, 360 p.
- 30 Zakiyeva Sh.B. (2007) Integratsiya v Tsentral'noy Azii i Kazakhstan [Integration in Central Asia and Kazakhstan], Monograph. M.: Scientific Book, 192 p.